## Жастар саясатының 2003-2004 жылдарға арналған бағдарламасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2003 жылғы 13 ақпан N 155

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстанның 2030 жылға дейінгі Даму стратегиясын іске асыру жөніндегі одан арғы шаралар туралы" 2002 жылғы 28 наурыздағы N 827 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002-2004 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Жастар саясатының 2003-2004 жылдарға арналған бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) бекітілсін.

2. Орталық және жергілікті атқарушы органдар, өзге де мемлекеттік органдар (келісім бойынша) Қазақстан Республикасының Мәдениет министрлігіне жылына екі рет: 15 маусымға және 15 желтоқсанға Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының орындалу барысы туралы ақпарат ұсынсын. <*>

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.03.04. N 272 қаулысымен.

3. Қазақстан Республикасының Мәдениет министрлігі Қазақстан Республикасының Үкіметіне жылына екі рет: 30 маусым мен 30 желтоқсаннан кешіктірмей Бағдарламаның орындалу барысы туралы жиынтық ақпарат ұсынсын. <*>

Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.03.04. N 272 қаулысымен.

4. Осы қаулының орындалуын қамтамасыз ету жөніндегі қызметті бақылау және үйлестіру Қазақстан Республикасының Мәдениет министрлігіне жүктелсін. <*>

Ескерту. 4-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.03.04. N 272 қаулысымен.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 13 ақпандағы N 155 қаулысымен бекітілген

## Жастар саясатының 2003-2004 жылдарға арналған бағдарламасы БАҒДАРЛАМАНЫҢ ПАСПОРТЫ

Бағдарламаның атауы Жастар саясатының 2003-2004 жылдарға арналған бағдарламасы

Іске асырылу мерзімі 2003-2004 жылдар

Әзірлеу үшін негіздеме "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002-2004 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 24 сәуірдегі N 470 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002-2004 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының 5.4.11-тармағы.

Негізгі әзірлеуші Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі

Мақсаты Бағдарламаның мақсаты жастарды әлеуметтендіру процесінде олардың дамуы үшін ұйымдастырушылық, әлеуметтік, экономикалық және құқықтық жағдайлар жасау болып табылады.

Міндеттері Жастарды әлеуметтік қорғауға бағытталған шаралар кешенін әзірлеу.
Экономикалық тұрғыдан ойлауды қалыптастыру және жас азаматтардың кәсіпкерлік бастамаларын қолдау.
Жастар арасында салауатты өмір салтын қалыптастыру.
Республика аймақтарында мемлекеттік жастар саясатын іске асыру жөнінде ұйымдастырушылық және құқықтық тетіктер әзірлеу.
Мемлекеттік құрылымдардың жастардың қоғамдық бірлестіктерімен өзара қатынастарын дамыту және жетілдіру.
Халықаралық жастар ынтымақтастығын кеңейту.
Жастар білімінің және жастар саясатын ғылыми қамтамасыз етудің деңгейін көтеруге жәрдемдесу.

| | |
|---|---|
| Іске асыру тетігі | Бағдарламаны іске асыру тетігі Бағдарламаның іс-шаралар жоспарында көзделген іс-шараларды жастармен жұмыс істейтін барлық мүдделі құрылымдарды тарта отырып, кезең-кезеңімен іске асыруға бағытталған мемлекеттік органдардың үйлестірілген іс-әрекеттерінен тұрады. |
| Қаржыландыру көздері | Бағдарламаны қаржыландырудың негізгі көздері болып тиісті бағдарламалар әкімшісі көздейтін қаражат шегінде республикалық бюджет және өзге де заңнамамен тыйым салынбаған көздер белгіленді. Жобаны іске асыру мынадай қаржылық шығындарды көздейді: 2003 жылы - республикалық бюджет қаражатынан - 242 778 мың теңге. 2004 жылы - республикалық бюджет қаражатынан - 242 778 мың теңге. |
| Күтілетін нәтиже | Бағдарламада көзделген шараларды іске асыру нәтижесінде жастардың әлеуметтендіру процесінде жан-жақты дамуы үшін жағдайлар жасалатын болады. |

## КІРІСПЕ

Жастар саясатының 2003-2004 жылдарға арналған бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002-2004 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 24 сәуірдегі N 470 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002-2004 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының 5.4.11-тармағына сәйкес әзірленді.

Алдындағы кезеңде мемлекеттік жастар саясаты 2001-2002 жылдарда іске асыруға арналған "Қазақстан жастары" бағдарламасына сәйкес іске асырылды. Мемлекеттік жастар саясатының нормативтік құқықтық, ұйымдастырушылық базасын құру сол кезеңнің айқындаушы міндеті болды. Осы бағдарлама әрі қарай дамуға негіз қалады, елдің әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси өміріне жас азаматтарды белсенді тарту үшін қажетті алғышарттар құрды және тұтастай алғанда өзіне жүктелген негізгі міндеттерді сәтті атқарды.

Мемлекеттік жастар саясаты қазіргі кезеңде қол жеткізілген нәтижелерді бекітуге және одан әрі дамытуға бағытталған тетіктерді құруға бағдарлануы тиіс. Атап айтқанда , жастардың әлеуметтік-экономикалық дамуына айрықша көңіл аудару қажет. Бағдарлама шеңберінде іске асыру көзделетін аса маңызды іс-шаралардың ішінен жас кәсіпкерлерді қолдау, жастарды және жас отбасыларды тұрғын үймен қамтамасыз ету тетіктерін әзірлеуді, жастарға арналған әлеуметтік қызметтер құруды, ауыл жастарының дамуы үшін, жас адамдардың жұмыспен қамтылуын қамтамасыз ету үшін жағдайлар жасауды атау қажет. Сонымен қатар, дарынды жастарды қолдау, салауатты өмір салтын қалыптастыру, азаматтық пен патриотизмді дамыту, өңірлік жастар саясаты, жастар бірлестіктерінің қызметі үшін жағдай жасау жөніндегі іс-шаралар көзделеді.

## 1. ПРОБЛЕМАНЫҢ ҚАЗІРГІ ЖАЙ-КҮЙІН ТАЛДАУ

Қазақстан Республикасы Статистика жөніндегі агенттігінің деректері бойынша 2002 жылдың басында 14 тен 29-ға дейінгі жастағы жас азаматтардың саны 4 260 000 адамды, немесе халықтың жалпы санынан 28,7%-ды құрады. Салыстыру үшін айта кететіні, 1999 жылы осы көрсеткіш 3787700 адамды, немесе халықтың жалпы санынан 25,7 %-ды құраған. Жастар санының осындай күрт өсуі көптеген жылдар бойы байқалмаған (1-кесте).

1-кесте

1995-2001 жылдарғы халықтың жалпы санындағы жастардың үлесі

| | 1995 | 1996 | 1997 | 1998 | 1999 | 2000 | 2001 |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Жастар % | 24,7 | 24,7 | 25,0 | 25,4 | 25,7 | 26,9 | 28,7 |

Дерек көзі: Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігі, 2002 ж.

Жастардың ауылдық жерден ағылуы проблемасы сақталып отыр. Статистика деректері бойынша 2001 жылы ауылдан қалаға қоныс аударған жас адамдардың саны өткен жылғы көрсеткіштен 2,5 есе асты. 2001 жылы ішкі көші-қонға қатысқан адамдардың жалпы санындағы жастардың үлесі 41,1 %-ды құрады. Әдетте, ауыл жастарының қалаға көшуінің негізгі себебі оқу және жұмыс іздеу болып табылады.

Жастар урбанизация процестеріне қатысатын халықтың аса белсенді санатында қалып отыр. Осылайша, қала халқының құрылымындағы жастардың саны 2000 жылы 25,8 %-ды құраса, 2001 жылы бұл көрсеткіш 27,9%-ға дейін өсті. Бұл ретте, ішкі көші-қонның осындай көрсеткіштеріне қарамастан, ауыл халқының құрылымында жастардың үлесі жоғары деңгейде қалып отыр. 2001 жылы ауыл жастарының саны 29,8

%-ды құрады.

Жұмыс іздеуден туындаған жастардың ішкі көші-қоны масштабтары елеулі дәрежеде елдің экономикалық және әлеуметтік дамуына ықпал етеді. Жастарды жұмыспен қамтуға, қылмысқа қарсы күресте, тұрғын үй проблемаларын шешуге байланысты бірқатар әлеуметтік-экономикалық сипаттағы проблемалардың өзектілігі артуда.

Отбасын құру проблемаларын көрсететін және жас отбасыны әлеуметтік қолдаудың қажеттілігіне назар аудартатын неке-отбасы қатынастарының көрсеткіштері аса маңызды мәселелердің қатарында. Статистикалық зерттеулердің нәтижелері бойынша, неке қиюдың негізгі жасы 19-дан 24-ке дейінгі жас артығы екені мәлім. 2000 жылы 25-29 жас аралығында өз қатынастарын заңдастырған 42414 адамға қарағанда, 19 бен 24 жаста некеге тұрған ерлер мен әйелдердің саны 80453 адамды құрады. Сонымен қатар, неке қатынастарының "есею" үрдістері байқалады. Соңғы жылдары осы үрдіс ерлерге қарағанда, әйелдерде көбірек байқалады (2 есеге). Бұл отбасы рөлінің екінші орынға ығыстырылып, дәстүрлі құндылықтар жүйесінің белгілі бір өзгеруі туралы айтады.

Сонымен бірге, тіркелген некелер санының қысқаруына қарай келеңсіз беталысы алаңдаушылық тудырады. Неке қию және ажырасу туралы статистика деректеріне сәйкес 1989 жылы 165 400 неке тіркелген, ал 1999 жылы осы көрсеткіш 64 001 некені құрады. Неке санының азаюы ажырасу санына да тікелей әсер етеді. Мәселен, 1999 жылы жастар арасындағы ажырасу коэффициенті 1,9-ды құраса, 2000 жылы бұл көрсеткіш 1,4-ке дейін азайды. Бұл ретте, 2000 жылғы ажырасулардағы жастардың үлесі 28%-ды құрады.

Нәтижесінде халықтың туу деңгейі төмендеуі мүмкін, өйткені ажырасулардың көпшілік саны ең репродуктивті жастағы өкілдерге тиесілі. Осы үрдістің екінші салдары отбасының орташа мөлшерінің қысқаруы және толық емес отбасылар санының өсуі болып табылады. Жағдай некеден тыс, толық емес отбасыларда туылған балалар санының ұдайы өсуімен ушығуда.

Осыған байланысты, жас отбасылық жұптардың арасында ажырасудың жоғары көрсеткішінің сақталуына әкелетін әлеуметтік-экономикалық сипаттағы үш негізгі себептерді бөліп айту керек:

1. Жас отбасыларды мақсатты мемлекеттік қолдаудың болмауы.
2. Отбасын материалдық қамтамасыз етудің және жұмысқа орналасудың қиындықтары.
3. Тұрғын үйдің болмауы.

Практика көрсеткендей, дәл осы жас адамдар үшін шешілуі қиын проблемалар жиынтығы бүгінгі таңда отбасыішілік қатынастардағы жанжалдың, олардың тұрақсыздығының бірінші себебі болып табылады. Тұтастай алғанда, атап өткеніміздей, бұл жағдай республикадағы туу көрсеткіштерінің төмендеуіне және демографиялық жағдайдың нашарлауына әкеліп соғады.

Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі жүргізген социологиялық сауалнаманың нәтижелері бойынша 19-дан 25-ке дейінгі жас арасындағы топ мамандық бойынша жұмысқа орналасу (39,5%) және тұрғын үй болмауы (12,7%) проблемаларына неғұрлым жиі кезігеді, ал 26-29 жастағы жастар отбасын материалдық қамтамасыз ету қиындықтарын бірінші орынға қояды. Осы проблема өз неке қатынастарын ресімдеген жас адамдар арасында аса үлкен көрсеткішке (57,9 %) ие.

Қазіргі уақытта жастардың жалпы санынан шамамен 15%-ының ғана өз тұрғын үйі бар. Жастардың 5%-ынан астамы өз меншігіндегі пәтерді ата-аналарының көмегі есебінен иеленіп отыр.

Жастар халықтың тұрғын үймен ең аз қамтылған бөлігі болып табылады. Бұл ең алдымен, жастарға өз меншігіне үй сатып алуға және үй салуға жер бөлуге арналған тұрғын үй кредиттеу тетіктерінің жоқтығына байланысты. Бұл проблеманы шешу көбінесе жастардың кепілдікке берер қарыз қаражатының, меншігінің немесе мүлкінің болмауымен қиындап отыр.

Жоғарыда көрсетілген келеңсіз үрдістердің сақталуы, көптеген жас отбасылардың өмір сүруіне қауіп төндіреді, ол өз кезегінде ажырасушылар санының тым елеулі өсуіне алып келуі мүмкін, ол нәтижесінде қолайсыз әлеуметтік-демографиялық зардаптарға ие болады.

Қазіргі әлеуметтік-демографиялық жағдай және қоғамдық қатынастар жүйесіндегі жастардың рөлі оның дамуына жасалынған бірдей әлеуметтік-экономикалық жағдайлармен анықталады. Ондай жағдайлар жасау мемлекеттің ең маңызды міндеттерінің бірі болып табылады.

Жастардың дамуындағы неғұрлым көкейкесті мәселелердің арасынан жастарды жұмыспен қамту проблемасын және жас азаматтардың жұмысқа орналасуына көмек көрсету, сондай-ақ қалыптасқан экономикалық қатынастар жүйесінде жастардың әлеуетін жүзеге асыру үшін жағдай жасауды атап айтуға болады.

Қазақстан Республикасы Статистика жөніндегі агенттігінің деректері бойынша 2002 жылдың 1 тоқсанында республикада экономикалық қызметпен айналысатын жастардың жалпы саны 1695622 адамды (жалпы жастар санының 40%-ы немесе экономикалық белсенді жастар санының 75,5%-ы) құрайды. Экономиканың жекелеген салалары бойынша жастардың жұмыспен қамтылу жағдайы 2002 жылы көрсеткіші мынадай бейнеде қалыптасты (2-кестені қараңыз). Экономикалық белсенді жастардың саны 2 241118 адамды құрайды. 15-29 жас аралығындағы жұмыссыздардың саны 545 496 адамды құрады. Жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейінің көрсеткіші 24,3 пайызды құрады, ол жалпы жұмыссыздық деңгейінен екі есе (10,8 %) артық. Барлық жұмыссыздардың 75 %-ға жуығы жастар болып көрсетілуі дерегі ерекше алаңдаушылық тудырады.

2-кесте

Экономика саласында жұмыспен қамтылған жастардың саны

| Р/с N | Экономикада жұмыспен қамтылған, оның ішінде: | Жұмыспен қамтылған халықтың ішіндегі жастар | | | | Барлық жұмыспен қамтылған халық, адам |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | 15-24 жастағы | | 25-29 жастағы | | |
| | | (адам) | (жұмыспен қамтылған халықтан %-бен шаққанда) | (адам) | (жұмыс. қамтылған халықтан %-бен шаққанда) | (адам) |
| 1. | Барлығы | 908519 | 14,19 | 787003 | 12,29 | 6402993 |
| 2. | Ауыл шаруашылығы, аңшылық және орман шаруашылығы | 459552 | 19,64 | 275213 | 11,76 | 2339429 |
| 3. | Өнеркәсіп | 62503 | 8,08 | 88566 | 11,45 | 773546 |
| 4. | Тау-кен | 14144 | 8,01 | 21399 | 12,12 | 176627 |
| 5. | Өңдеу | 37091 | 8,54 | 51532 | 11,86 | 434571 |
| 6. | Электр энергиясын, газ және су өндіру және бөлу | 11268 | 6,94 | 15635 | 9,63 | 162348 |
| 7. | Құрылыс | 35499 | 12,46 | 28663 | 10,06 | 284935 |
| 8. | Сауда, автомобиль, тұрмыстық бұйымдар мен жеке пайдаланыс. тағы заттарды жөндеу | 15178 | 17,14 | 116547 | 13,16 | 885498 |
| 9. | Қонақ үйлер мен | 15597 | 22,51 | 11971 | 17,28 | 69290 |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| мейрамханалар | | | | | |
| 10. Көлік және байланыс | 30014 | 6,77 | 48087 | 10,84 | 443586 |
| 11. Қаржылық қызмет | 8751 | 14,39 | 10758 | 17,69 | 60797 |
| 12. Жылжымайтын мүлік. пен операциялар, жалға беру және тұтынушыларға қызметтер көрсету | 13040 | 120,67 | 10806 | 100,00 | 10806 |
| 13. Мемлекеттік басқару | 25450 | 8,79 | 47363 | 16,35 | 289652 |
| 14. Білім беру | 52932 | 8,93 | 72776 | 12,28 | 592414 |
| 15. Коммуналдық, әлеуметтік және дербес қызметтер көрсету | 22519 | 11,31 | 27105 | 13,62 | 199052 |

Дерек көзі: Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігі, 2002 ж.

Еңбек рыногындағы қатал бәсекелестік жағдайы жастардың алдына үнемі жұмыс іздеу проблемасын қояды. Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің деректері бойынша 2002 жылдың 3 тоқсанында жұмыспен қамту мәселелері бойынша органдарға 63,6 мың жас адам өтінішпен барған, олардың ішінен республика бойынша 23,5 мың жас азамат жұмысқа орналастырылған. Ауылдық жерлерде жұмысқа орналастырылған жастардың саны 6,7 мыңды құрады.

Жастарды жұмыспен қамтудың ең тиімді жолдарының бірі маусымдық және қоғамдық жұмыстарды дамыту болып табылады. Бұл бағыттағы қызметтер жергілікті атқарушы органдардың көмегімен жүзеге асырылады.

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің деректері бойынша 2002 жылдың 3 тоқсанында қоғамдық жұмыстарға 112,4 мың жұмыссыз қатысқан, олардың 8,5 мыңы - жастар.

Әлеуметтік қорғаудың белсенді нысаны қандай да бір мамандық алу мақсатында жастарды кәсіптік даярлық курстарында оқыту, сондай-ақ қайта даярлау мен біліктілігін арттыру болып табылады. Осылайша, көрсетілген кезеңде 6,5 мың адам оқу бітірді, оның ішінде 4906 адам алғаш рет оқыса, 1160 адам қайта даярлықтан өтті, 273

адам біліктілігін арттырды. Оқып-үйрену мен қайта даярлықтан өткен жас адамдардың ішінен 3017 азамат жұмысқа орналасты, олардың 138-і өз ісін ашқан, 3096 адам оқу мен қайта даярлықты жалғастыруда.

Тұтастай алғанда ресми көрсеткіштер жастар арасындағы жұмыссыздықтың жоғары деңгейде екендігін аңғартады. Өндірістің құлдырауына, кәсіпорындардың экономикалық және қаржылық проблемаларына негізделген жасырын жұмыссыздық деп аталатын немесе толық емес, ішінара жұмыспен қамтылу еңбек рыногына теріс әсерін тигізеді.

Жастар жұмыс тәжірибесінің және арнайы дайындықтарының жоқтығынан жұмыс берушілердің көңілінен шықпады және жұмысқа қабылдауға ілікпейді, бұл ең алдымен 16-дан 24-ке дейінгі жастағы жастарға қатысты болады. Еңбек рыногына алғаш рет шыққан жастар арасында айтарлықтай үлесті еңбек өтілі жоқ, оқу орындарының түлектері құрайтыны маңызды проблемаға айналып отыр.

Жұмыс іздеуде өтініш білдірген жұмыссыз жастардың құрамы бойынша бұрын жұмыс істемегендердің саны 36,7 мың адамды құрайды. Бұрын жұмыс істемегендердің ішінде жоғары кәсіптік білімі барлар - 15,9 мың адамды, орта кәсіптік білімі барлар - 41,6 мың адамды, бастауыш кәсіптік білімі барлар - 27,4 адамды, жалпы орта білімі барлар - 117,6 мың адамды құрайды.

Еңбек рыногындағы қазіргі ахуал жұмыс күшінің экономиканың нақты секторынан жасырын түріне көшуімен сипатталады. Экономиканың аталмыш саласы ерекше кәсіптік білімді қажет етпейді, ол өз кезегінде жастарға, оның болашақ дамуына, парасатты қалыптасуына, кәсіпшілігіне кері әсер етеді.

Осы процестер жас азаматтардың санасында әлеуметтік құпталатын және әлеуметтік құпталмайтын қызметтерің өзгеруіне әкеліп соқтырады.

Осылайша, еңбек жолына түскен жастар халықтың аса еліктегіш санатына жатады, оны ерекше тәуекелшіл топ ретінде сипаттауға мүмкіндік береді. Мемлекеттің белсенді араласуынсыз жұмыссыздық жағдайына түбегейлі өзгерістер енгізу мүмкіндігі аз болып көрінеді.

Жастардың өз әлеуметтік-экономикалық қабілетін іске асыруына ықпал етуші оларды жұмыспен қамту мәселелері, жүйелі қолдауды қалыптастыру және қазіргі рыноктық жағдайға бейімделуіне, кәсіби жоғарылауға жағдай жасау сияқты мемлекеттік қолдаудың негізгі шараларынан жастар арасында кәсіпкерлік қызметті дамытуды ерекше атау керек.

Жергілікті деңгейде көптеген өкілді билік органдары өз құзыреті шегінде жас адамдар жүзеге асыратын кәсіпкерлікті реттеу саласында заңнамалық базадағы елеулі кемшіліктерді тиімді толықтырады. Оған мемлекеттік жастар саясатының өңірлік бағдарламасында көрсетілген жастар жүзеге асыратын кәсіпкерлікті қолдау (Қарағанды , Қызылорда, Маңғыстау, Қостанай, Павлодар облыстарының мәслихаттары) туралы дербес тармақ енгізу туралы шешімдер дәлел.

Шағын және орта бизнес кәсіпорындарын ұйымдастыру үшін бизнес-орталықтар мен бизнес-инкубаторлар құруды (Алматы, Астана, Орал, Көкшетау, Қостанай, Тараз, Атырау, Қарағанды, Қызылорда, Жаңаөзен, Петропавл, Шымкент қалаларында) атауға болады.

Өз жеке істерін бастауға тілек білдірген жас адамдарды оқыту және кредиттеу жөніндегі жедел жобалар ойдағыдай жалғасын тапты (шағын бизнес нысандарын қолдау бағдарламалары, өңірлік бағдарламалар негізінде).

Жастар жүзеге асыратын кәсіпкерлік саласында консалтингтік және білім беру қызметін көрсетуге маманданған дербес құрылымдар құру үрдісі байқалады. Қазіргі сәтте ондай құрылымдар әр өңірде жүзеге асырылуда.

Бірқатар облыстарда осындай ұйымдар кәсіпкерлердің лигасымен және одақтарымен тығыз қарым-қатынас жасайды, өздерінің коммерциялық жобаларын жүзеге асырады және жас адамдар жүзеге асыратын кәсіпкерлік саласына инвестициялар тартады.

Тұтастай алғанда, жастар жүзеге асыратын кәсіпкерлікті тиімді дамыту, екі негізгі фактордың - фискальды жеңілдіктер мен жеңілдікті кредиттердің болуын талап етеді. Алайда, жағдай жастар жүзеге асыратын кәсіпкерлікті анықталған экономикалық құбылыс ретінде анық өлшемдерінің жоқтығы, сондай-ақ бизнесті жүргізудегі іс жүзіндегі аз дағдылармен және бизнес жобалардың жоғары қауіп-қатерімен асқынады. Одан басқа, жаңа бастап жүрген кәсіпкерлер кредиттік ресурстарды тиісті кепілдік мүлікпен қамтамасыз ете алмайды. Қазіргі кезеңде жастар жүзеге асыратын кәсіпкерлікті дамытуда мемлекеттің рөлін көтеру қажеттілігі даусыз болып табылады. Аталмыш проблеманың шешімі алдағы уақытта жас кәсіпкерлердің қызметін реттейтін тиімді тетіктер мен құралдарды жасауды қамтитын ауқымды мемлекеттік қолдауды қажет етеді.

Жастарды жұмысқа орналастыру проблемаларын шешуде білім берудің сапасын көтеру және республика жастарының ғылыми-білім беру процестеріне белсенді қатысу мәселелерінің маңызы зор.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің деректері бойынша 2001 -2002 оқу жылында жоғары кәсіптік білімді мамандар шығарылымы 73 846 адамды құрады, бұл өткен оқу жылындағы көрсеткіштен 12,5%-ға артық. Орта кәсіптік білімді студенттер шығарылымы 94 201 адамды құрады.

Тұтастай алғанда республиканың жоғары оқу орындарында 2001-2002 оқу жылының басында 513 324 адам оқыды. Оның ішінде 330 839 адам мемлекеттік жоғары оқу орындарында және 182 485 адам жеке меншік жоғары оқу орындарында. Мемлекеттік білім беру гранттары мен кредиттері бойынша тиісінше 47 073 және 25 140 адам оқыған.

Орта кәсіптік білім беру мекемелерінде оқитындардың саны 189 776 адамды құрайды. Мемлекеттің есебінен оқитындардың саны 45 666 адам, ақылы негізде - 144

110 адам.

Жоғары оқу орындары студенттерінің 7,1 %-ы ғана, немесе яғни 36 821 адам стипендия алуға құқылы. Студенттердің ай сайынғы стипендиясының мөлшері 2001-2002 оқу жылының басында 2 016 теңгені құрады. Орта кәсіптік оқу орындарының оқушылары 1 613 теңге және оқу озаттары 1855 теңге мөлшерінде стипендия алады. Бұл ретте, 164 525 адам, немесе студенттердің 86,6 %-ы стипендия алмайды.

Жастар арасында байқалған жұмыссыздықтың жоғары көрсеткішінің объективті себептерінің бірі еңбек рыногында түлектердің кәсіптік қажет етілмеуіне жетелейтін отандық оқу орындары түлектерінің төмен біліктілігі болып табылады.

Білім беру процестерін жетілдіру мәселелерінде жастар саясатын ғылыми қамтамасыз ету және жас ғалымдарды қолдау проблемалық сегмент болып табылады. Бүгінгі таңда осы бағыттағы мақсатты қолдау жеткіліксіз деңгейде жүзеге асырылуда. Жастар саясатының ғылым саласын дамыту бойынша атқарылып жатқан шаралар бытыраңқы сипатқа ие және қандай болса да елеулі нәтижелер әкелмейді.

Жас азаматтардың өз қабілетін іске асыруы үшін жағдай жасау жастардың зияткерлік және шығармашылық әлеуетін айқындауды және іске асыруды көздейді. Осы бағытта жүргізілетін мемлекеттік жастар саясаты дарынды жастарды қолдауға және дамытуға бағдарланады.

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі берген деректер бойынша қазіргі уақытта студенттердің, аспиранттардың, докторанттардың, жастардың ғылыми ұйымдарының арасында талантты жастарды анықтау шеңберінде қоғамдық, жаратылыстану, техника және гуманитарлық ғылымдар бойынша ең жақсы ғылыми жұмыстарға конкурстар өткізіледі, онда өңірлік конкурстарда жоғары баға алған ғылыми жұмыстар қаралады. Неғұрлым талантты жас ғалымдарға атаулы стипендиялар тағайындаумен қатар, магистратурада немесе аспирантурада оқуын жалғастыруға мақсатты орындар бөлінеді. Ғылыми қызмет үшін - жаңа ақпараттық технологияларға еркін қол жеткізуге, ғылыми жұмыстарын жариялауға, түрлі конференциялар мен семинарларға қатысуға жағдайлар жасалады.

Қазіргі уақытта дарынды балалармен жұмыс істейтін білім беру ұйымдарының желісі жұмыс істейді (21 мектеп, 9 тәжірибелік мектеп-алаң, 6 өңірлік орталық), алты бағыт бойынша "Дарын" ауысымды бейінді мектебі, жалпы білім беретін пәндер бойынша сырттай оқу мектебі, "Жас ғалым" күндізгі оқу мектебі жұмыс істейді.

Жыл сайынғы мектеп оқушыларының халықаралық олимпиадалар мен жарыстарға қатысуын талдау Қазақстан командаларындағы жүлделі орындардың және дайындығының өсу серпінін байқатады. Егер 1998 жылы біздің оқушылар 11 медальға қол жеткізсе, 1999 жылы - 24, 2000 жылы - 30, ал 2001 жылы - 34, оның ішінде 11 алтын, 5 күміс, 18 қола медальді еншіледі.

Сонымен қатар, талантты жастарды дамыту жөніндегі қызметті бұдан әрі жетілдіру қажет. Таланттарды қолдауға бағытталған шараларды қаржылай қамтамасыз ету

жөніндегі жұмысты күшейту, таланттарды айқындау жөнінде акция ұйымдастыруға ықпал ету, сондай-ақ олардың одан әрі үздіксіз дамуына жәрдемдесу керек. Салауатты өмір салтын қалыптастыру және бұқаралық спортты дамыту мәселелері республикадағы жастардың толыққанды дамуының негізгі аспектісі болып қала береді. Әлеуметтік проблемалардың ушығуы, экологиялық жағдайдың нашарлауы, сауаттылық деңгейдің төмендігі жастардың денсаулығының нашарлауына әкеліп соқтырады. Жастар арасында ауру түрлерінің көбеюі ұрпақтың болашағы үшін ерекше алаңдаушылық тудырады.

Республикалық санитарлық-эпидемиологиялық станцияның (РСЭС) 2002 жылдың басындағы деректері бойынша жастар ортасында былтырғы жылмен салыстырғанда тыныс органдарының туберкулезімен ауырғандардың саны (18,8%-ға), педикулез (4,2% -ға), ішкі ісіктің қабынуы (1,8%-ға) көбейді.

Ерекше қоғамдық назар аудартатын аурулардан, жыныстық қатынас жолымен жұғатын аурулар (ЖҚЖЖА) жастар арасында кең етек алуда.

Сонымен қатар, ЖҚЖЖА эпидемиялық сипат алып келеді. Нашаны тамыр арқылы егу АҚТҚ инфекциясының негізгі таралу себебі болып табылады. Қазақстанда АҚТҚ жұқтырған адам ең алғаш 1987 жылы тіркелген. Қазіргі уақытта ресми тіркелген АҚТҚ инфекциясын жұқтырғандар саны - 2 250 адам, оның 68 %-ы жас азаматтар.

Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі жүргізген социологиялық зерттеудің нәтижесі бойынша жас қазақстандықтар денсаулық жағдайының нашарлауына әсер ететін негізгі себептердің арасынан экологиялық жағдайды (7,1 %), психологиялық ауыртпалықтарды (6,6 %), нашар тамақтануды (5,3 %), ауыр жұмыс жағдайларын (4,3 %), жазатайым оқиғаларды (3,2 %) атады.

Осы саладағы жағдайды өзгерту мемлекет тарапынан айтарлықтай күш салуды талап етеді. Бүгінгі таңда халықтың келешектегі денсаулығы әлеуметтік-экономикалық факторлармен анықталады, сонымен қатар әртүрлі аурулардың профилактикасы, аурулардың алдын алу және салауатты өмір салтын қалыптастыру жөнінде шаралар кешенін қолдану қажет. Осы проблемаларды шешудің тиімді әдістерінің бірі жастардың спортпен айналысуы, салауатты өмір салтын белсенді түрде насихаттау үшін жағдайлар жасау болып табылады.

Жоғарыда көрсетілген проблемаларды шешу үшін жастарды дамыту саласындағы қызметті жүзеге асыратын барлық қоғамдық институттардың ауқымы өзара іс-әрекет жасауы қажет. Осы Бағдарлама шеңберінде жастар ұйымдарының ұйымдастыру мүмкіндіктері мен кеңейтілген қоғамдық мүмкіндіктерін қолдану туралы жұмыстарды жалғастыру қажет. Жастардың қоғамдық бірлестіктерімен қарым-қатынастарды нығайту және халықаралық жастар ынтымақтастығын дамыту, іске асырылып жатқан бағдарламалардың атаулылығын арттырып, халықаралық байланыстар мен бірігуді кеңейтуге мүмкіндік туғызып, сондай-ақ мемлекет пен үкіметтік емес секторлардың

арасындағы табысты өзара іс-әрекет жасауды және сұхбаттасуды қамтамасыз етеді.

Қазіргі уақытта Қазақстанда 150-ден астам жастар бірлестіктігі жұмыс істейді. Олардың іскерлік бағыттарын экологиялық, ақпараттық, құқық қорғау, салауатты өмір салтын насихаттау, мәдени-ағарту деп бөлуге болады. Одан басқа, кәсіби мүдделердің, саяси көзқарастардың, жастардың бос уақытын өткізуді ұйымдастыруға маманданған мәдени құндылықтардың ортақтығы жөніндегі бірлестіктерді де атауға болады.

Жастардың әртүрлі нысандағы өзіндік ұйымдар құруға талпынысын айтатын болсақ , онда өзекті проблемалардың спектры жақын арада құрылғалы тұрған жастар ұйымдарының мынадай: ақпараттық, экологиялық, құқықтық, спорттық, экономикалық сипаттағы ұйымдар, қолдау қорларының әртүрлілігі тұрғысындағы бағдарлық және мақсаттық бағыттарын болжауға мүмкіндік береді. Ұйым құру және оған кіру жерінің ішінен таңдап алған іскерлік бағытына деген мүдделер, өзін-өзі өндіруге мүмкіндік беру, өзінің көзқарастары мен сенімдерін білдіру басым болуы мүмкін.

Алайда қазіргі кезде жеке ұйымдардың қызметі жастарды дамыту жөнінде іске асырылып жатқан бағдарламалардың тиімділігінің төмендеуіне әкеліп соқтыратын шашыраңқы және үйлестірілмеген сипатта. Сондықтан, сектораралық ынтымақтастықты кеңейту арқылы жастардың өзекті мәселелерін шешуге арналған мақсатты іс-қимылды әзірлеуге ықпал ететін демократиялық орган ретінде "Қазақстан жастарының конгресі" қауымдастығы нысанындағы заңды тұлғалардың бірлестігі шеңберіндегі жастар ұйымдарының күштерін біріктіру заңды болып табылады.

Осылайша, ұйымдасқан жастар қозғалысын дамыту қоғамды реформалаудың жалпы саяси процестеріне жастардың белсенді қатысуының қажетті құрамдас бөлігін құрайды.

Жастардың ынтымақтастығы халықтар арасындағы бейбіт сұхбаттар мен өзара түсіністіктерге өз үлесін қоса отырып, жастарды өзге мәдениеттің мүддесіне және шыдамдылық рухында тәрбиелеп, олардың патриоттық санасын нығайтып, әртүрлі елдердің жастары арасындағы өзара қарым-қатынастардың дамуына мүмкіндік туғызады.

9 жыл бойы Қазақстан және Германия Федеративтік Республикасының уәкілетті мемлекеттік органдарының арасында жастар саясаты саласындағы қарқынды ынтымақтастық дамып келеді. 1995 жылы Қазақстан Республикасының Жастар ісі, туризм және спорт жөніндегі министрлігі мен Германия Федеративтік Республикасының Отбасы, қартаң адамдар, әйелдер және жастар істері жөніндегі министрлік арасында қол қойылған құжат негізінде ынтымақтастық өз дамуына жаңа серпін алды. 1993 жылдан бергі кезеңде халықаралық жастар алмасуында жастармен жұмыс жөніндегі 360-тан астам қазақстандық және неміс мамандары, сонымен бірге жастар саясатын іске асыратын органдардың өкілдері, тікелей жас адамдарың өздері қатысты. Қазіргі уақытта осы саладағы жұмыстар Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде жүзеге асырылуда.

2001 жылы Қазақстан Республикасының Үкіметі және Катар Республикасының Үкіметі арасындағы жастар және спорт саласындағы ынтымақтастық туралы келісімге қол қойылды. Ынтымақтастық туралы ұсыныстармен Египет Араб Республикасы, Ливан, Ливия елдері шығуда.

ТМД елдерімен жастар ынтымақтастығы ТМД-ға қатысушы елдердің жастар ісі жөніндегі мемлекеттік органдар басшыларының Кеңесі ТМД-ға қатысушы елдердің жастар ісі жөніндегі мемлекеттік органдар қызметін үйлестіруші консультативтік-кеңесші бірлестіктер шеңберінде жүргізілуде. Ресей Федерациясымен және Украинамен арадағы келісімдер жобалары әзірленуде.

Бұдан басқа, жастар ынтымақтастығы БҰҰ-мен және басқа да Еуропа, Азия, Африка және Тынық мұхит өңірлерінің халықаралық жастар ұйымдарымен өзара іс-әрекет жасау желісі бойынша дамуда.

Ынтымақтастықта жастардың мәдени алмасуы ерекше орын алады.

Тұтастай алғанда, жастар саясаты саласында ынтымақтастықты нығайту және дамыту конструктивтік сипат алып, жастармен жұмыс саласындағы қазақстандық мамандардың кәсіби дамуына, қазақстандық жастардың әлемдік демократиялық мәдениетке ықпалдасуына әсер етеді.

Мемлекеттік жастар саясатын табысты жүргізудің ажырамас бөлігін оның ақпараттық-әдістемелік қамтамасыз етілуі болып табылады. Бүгінгі таңда жастар мен жастар саясатының ақпараттық қамтамасыз етілуі мемлекеттік ақпарат саясаты шеңберінде бұқаралық ақпарат құралдарына, мемлекеттік тапсырысты орналастыру, әдістемелік-талдау материалдарын даярлау арқылы жүргізілуде.

Атап айтқанда, баспа БАҚ-та мемлекеттік тапсырысты іске асыру, жастар проблемаларына арналған материалдардың тұрақты жарияланып отыруын көздейді. Бұл ретте, осы бағыттағы көптеген жұмыстар Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің бастамасымен құрылған "Жас өркен" акционерлік қоғамының көмегімен атқарылуда. Мәселен, 2002 жылы "Ұлан", "Дружные ребята", "Ақ желкен", "Балдырған" республикалық балалар мен жасөспірімдер басылымдары жастар саясаты жөнінде 500-ден астам материалдар жариялады.

Жастар мәселелерін "Казахстанская правда" және "Жас алаш" жалпы республикалық газеттері де егжей-тегжейлі жариялап тұрады. Мәселен, "Казахстанская правда" ай сайын "Привет" атты жастар айдарын шығарады. Одан басқа аталмыш басылым жастардың қоғамдық-саяси белсенділігін көтеруге, оның рухани дамуына және құқық бұзушылықтың алдын-алу, жастар мен жасөспірімдер арасындағы нашақорлыққа қарсы күрес мәселелерін сөз ететін, білім алу проблемалары және жас мамандарды еңбекпен қамтамасыз етуге ықпал ететін "Рухани құндылықтар", "Жастар саясаты", "Проблема бар ма?" сынды материалдар жариялайды. "Жас алаш" өзінің "Ырғақ", "Рух", "Жібек жолы", "Студент", "Алдаспан" атты арнайы қосымшаларында

қазақстандық жастардың азаматтылығы мен патриотизмін дамыту мәселелеріне, салауатты өмір салтын қалыптастыруға, сондай-ақ жұмыссыздық проблемасы және жоғары оқу орындарының түлектерін жұмыспен қамту мәселелеріне аса назар аударады.

Жас азаматтар арасында кәсіпкерлікті дамытудың көкейкесті проблемаларын жарыққа шығаратын жастар бұқаралық ақпарат құралдарының саны да көбеюде. Қазіргі кезде баспа басылымдардың саны 18-ден асты ("Предприниматель" - Қызылорда қаласы, "Думай и богатей" жастар-кәсіпкерлік газеті - Тараз қаласы, " Деловые вести" - Жамбыл облысы, "Inter Yes" - Атырау қаласы және тағы басқалар), теледидар бағдарламаларының саны - 29-дан астам ("Бизнес новости", "Стандарты качества" - Павлодар қаласы, "Время деловых людей" - Өскемен қаласы және т.б.).

